

2-апта «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана есем, ұлттық жауапкершілік»

3-апта «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»

4-апта «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

Мектебімізде "1 Наурыз-Алғыс айту күніне" орай мерекелік іс – шаралар жоспары құрылып, келесі жұмыстар жүргізілді.

Елімізде 1 наурыз - «Алғыс айту күні» болып 2016 жылдан бастап атап өтілуде.

Мақсаты: Балалардың ризашылық, алғыс, сыйластық, құндылық турасында түсініктерін кеңейту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/DGfPjf2t1OM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

"1-наурыз-Алғыс айту күні" мерекесіне орай тақырыптық сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: оқушыларды ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік бере отырып, бір- бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету.

5 сынып, жетекшісі: Сейсенбаева Н.К

https://www.instagram.com/p/DGfQsPiN7nR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

"1-наурыз-Алғыс айту күні" мерекесіне орай тақырыптық сынып сағаттары өтті.

Сынып сағатының мақсаты: оқушыларды ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік бере отырып, бір- бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету.

2 сынып, жетекшісі: Кунтуова Д.С

https://www.instagram.com/p/DGfRDJaNiWP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

"1-наурыз-Алғыс айту күніне" орай

"Қазақ еліне мың алғыс" тақырыбында 5-9 сыныптар эссе жазды.

Эссе жазудағы мақсаты

'сыйластық' құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Сейсенбаева Н.К

https://www.instagram.com/p/DGfSSFBtylL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

"1-наурыз-Алғыс айту күні" мерекесіне орай тақырыптық сынып сағаттары өтті.

Сынып сағатының мақсаты: оқушыларды ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік бере отырып, бір- бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету.

3 сынып, жетекшісі: Отызбаева А.Д

https://www.instagram.com/reel/DGfcgljNB0N/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

"1-наурыз-Алғыс айту күніне" орай "Балалар кімге алғыс айтады" челленджі.

мақсаты: оқушыларды ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік бере отырып, бір- бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету. Мектеп оқушылары өз алғыстарын бейнежазба арқылы жеткізді.

https://www.instagram.com/reel/DGke-k3NEbN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебімізде "Шын жүректен алғыс айтамын" атты алғыс айту күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Мақсатымыз: Оқушылардың "сыйластық" құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/DGnL_gpt0eN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебіміздің оқушылары "8 наурыз - Халықаралық әйелдер" күніне орай
Авторы: Саддрадин Болаттың "АНА" атты әнін орындады.
Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу, сыйлай білуге, оқушылар бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/DGxptikoB65/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебіміздің оқушылары келе жатқан "8 наурыз-Халықаралық арулар күнімен" құттықтады.

https://www.instagram.com/reel/DG0XmQVN9VE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Бүгін мектебімізде 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай "Ана деген тіршіліктің тірегі" атты іс-шара өтті.

https://www.instagram.com/reel/DG5jQ29N9aU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебіміздің медбикесі Турсунбаева С.Д оқушыларға "Туберкулездің алдын алу және сақтану жолдары" тақырыбында түсініктеме жұмысын жүргізді.
Туберкулез- ауа арқылы таралатын жұқпалы ауру. Туберкулез ауруының коздырғышы- туберкулез таяқшалары.Қазіргі кезде туберкулез ауруының қауіптілігі туберкулез ауруы адамнан адамға ауа арқылы таралып жұғатын болғандықтан, туберкулезбен тыныс жолдары (кеңірдек, кеңірдекше) және өкпесі зақымданған науқастар жоғары қауіп тудырады. Туберкулез ауруының бұл түрлеріне шалдыққан науқастар сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырық тастағанда қоршаған ортаны тірі бактериялармен ластайды. Ауаны ластаған тірі туберкулез микробактериялары сау адамның ағзасына өтуі үшін осы ауамен аздап қана тыныс алудың өзі де жеткілікті. Яғни, туберкулез таяқшалары барлық адамдар үшін қауіпті, өйткені біз тыныс алатын ауа бәрімізге ортақ! Туберкулез ауруымен кімдер ауруы мүмкін? Туберкулез таяқшалары жұққан адамдардың текқана пайызы туберкулез ауруына шалдығуы мүмкін екендігі дәлелденген. Туберкулез таяқшалары жұққан адамдардың қорғаныс жүйесі әлсіз болса, олардың туберкулез ауруына шалдығу қауіпі жоғарлайтыны айтылды.

https://www.instagram.com/reel/DHDYTI6tjJ0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебіміздегі “Еркетай”ШО пен мектепалды даярлық сынып арасында “Көңілді жарыстар” тақырыбында сайыс өтті.

Сайыстың мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, дені сау, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу. Бүлдіршіндерге 8 наурыз мейрамы туралы түсініктерін кеңейту. Аналарға құрметтерін, қыздарға сыйластығын арттыру.

https://www.instagram.com/reel/DHDnvMftY4W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

. 14 наурыз -Көрісу күні.Бұл күнді Амал мерекесі деп те атайды.Адамдар осы күні бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп,бір-біріне амандық-саулық тілейді.Көрісу күнінде жасы кіші адам үлкен кісінің үйіне барып көрісіп шығады. Көрісу күніне орай мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары шағын бейнежазба түсірді.

https://www.instagram.com/reel/DHLUKrotVKH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебімізде “Күй күмбірі” челленджіне орай
“Көк ту” күйі орындалды. 6-сынып оқушысы Құрман Әли

https://www.instagram.com/reel/DHaKyhRNnJ6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары
“Жастар 2025 Үстел ойындар тоғызқұмалақтан аудандық” жарысқа қатысты.
Тоғызқұмалақ ойынының мәні – адамға үйлесімді (гармониялық) тәрбие беру, кез-келген жанның ақыл-ойын шыңдау, ми қызметін дамыту және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру. Тоғызқұмалақ-бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес сыйы, рухани құндылығы, аманаты.

Дене шынықтыру пән мұғалімі: Хамитов Е.Т

https://www.instagram.com/p/DHu_KhWNdV5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебімізде 2025 жылдың 20 наурызында Наурыз мейрамы өтті.
Мақсаты: Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/DH0KTXtNA7r/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ.

1-апта «Еңбек -қуаныш, жалқаулық- айырылмас азап.»

2-апта «Көп еңбек еткенге бақыт басын неді.»

3-апта «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»

4-апта «Білікті білім жиі кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»

2025 жылғы 02-04 сәуір аралығында Сандықтау ауданы Сандықтау а. “Жас дәурен”БСЛ базасында жалпы білім беретін мектептердің 8-10 сынып оқушылары арасында Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығына арналған облыстық жас тарихшылар мен өлкетанушыларының зерттеу жұмысы конкурсы өтті. Нәтижесінде біздің Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебінің 6 сынып оқушысы Ғалымұлы Алдияр “Соғыс ардагерлері” номинациясы бойынша ауданымыздың намысын қорғап, мектебіміздің абыройын асқақтатып жүлделі І орынмен оралды. Жетекші мұғалімі тарих пәнінің мұғалімі Сапарғали Гүлдарига Абдығалиқызы.

https://www.instagram.com/p/DIBgqWutONs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Негізгі мектептер арасында 2 орын алған мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары Аудандық жарыста үстел ойындарына белсене қатысты.

Жетекшісі: Хамитов Е.Т

https://www.instagram.com/p/DIicjcN_E7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Мектебімізде бүгін 12 сәуір - Ғарышкерлер күніне орай 1-9 сыныптарда тәрбие сағаты өтті. Сонымен қатар 1-4 сынып оқушылары ғарышқа байланысты суреттер салса, 6 және 7 сынып оқушылары макет жасады.

Мақсаты: Балаларды ғарыш әлемімен таныстыру. Ғарышкерлер туралы мәлімет беру арқылы ғарышкерлерге деген сый-құрметтерін нығайту.

https://www.instagram.com/reel/DIUM6mbNnkn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Мектебімізде 1-9 сыныптар арасында “Суды үнемде - болашақты сақта” тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: Оқушыларға суды үнемдеудің маңыздылығын түсіндіріп, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

https://www.instagram.com/reel/DIk1xx0N_i7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

“Түлектердің ағаш егуі” эчочелленджі аясында 2024-2025 оқу жылының 21 сәуірінде 9 сынып оқушылары мектеп ауласына ағаш отырғызды.

https://www.instagram.com/p/DIs8u1DNq9f/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

Үкімет қаулысымен 2024 жылы елімізде жаңа мереке 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып бекітілді.

Атаулы күн Мемлекет басшысының үшінші Ұлттық құрылтайда қоғамда оқу мәдениетін дамыту жөнінде берген тапсырмасы негізінде енгізілді. Соған орай мектебімізде “Ұлттық кітап күні” өткізілді.

Мақсат: азаматтардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, оқырман мәдениетін қолдау және қоғаммен жылы байланыс орнату.

Өткізген: кітапханашы О.А Досболовна

https://www.instagram.com/reel/DIx-EJHt t /?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

МАМЫР – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ.

1-апта «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ.»

2-апта «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күннің жоқ.»

3-апта «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек»

4-апта «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп»

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Аталмыш мереке елімізде 1996 жылдан бастап тойланып келеді.

Бүгінде еліміздің кең байтақ жерінде 130-дан астам әр түрлі ұлт өкілдері мекен етеді.

Сондықтан да 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептелеуі бекер емес.

Еліміздің халқы үшін бұл күн маңызды мерекелердің бірі болып табылады. 1 мамыр күні еліміздің барлық өңірлерінде түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің ұйымдастыруымен мерекелік іс-шаралар өткізіледі, бұл дегеніміз – олардың бір шаңырақ астында тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақтастықта өмір сүріп жатқандағының анық айғағы.

Сонымен қатар, аталмыш іс-шаралардың басты мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің бір-біріне деген сыйластығын арттырып қана қоймай, бірлік пен татулықты насихаттау болып табылады.

Ынтымақ күніне арналған іс шара мектебімізде аталып өтті. 1-9 сынып оқушылары іс шараға белсене қатысты. Әр ұлттың ұлттық тағамы мен, салт дәстүрімен таныстыра отырып, өнерлерін көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/DJJqtIQNAsV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебімізде 1-9 сыныптар арасында 7 Мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 Мамыр Жеңіс күніне орай мерекелік іс-шара өтті.

Мақсаты: Білім алушыларды Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, елге болашақта қызмет етуге баулу, ҰОС батырлардың ерліктерін паш ету болатын.

https://www.instagram.com/reel/DJXAiglN8ic/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

- Ата-аналарға арналған жадынама
АТА - АНАЛАРҒА ЕСКЕ САЛУ

Суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары

- суға тек арнайы жерлерде түсу;
 - суға түсу кезінде кемелерге, басқа да жүзу құралдарына жақын бармау;
 - таныс емес жерлерге, жағалауларға суға сүңгімеу;
 - су температурасы 18 градустан төмен болғанда суға түсуге болмайды;
 - суға сынған банкілерді, әйнектерді лақтыруға болмайды, олар суға түсушілерге қауіпті болады;
 - суда қолдан жасалған жүзу құралдарын пайдаланбау;
 - суға тек қасында үлкен адамдар болғанда ғана шомылу керек;
- Есте сақтаңыздар! Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

https://www.instagram.com/p/DJqV1_1A_f/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Мектебімізде 2025 жылдың 19 мамырында 2-4 сынып оқушылары “Таза Қазақстан” ал, 5-9 сыныптар “Заң және тәртіп тақырыбында Эссе жазды.

Мақсаты: білім алушылардың өз білімдері мен іс-әрекеттерін ел дамуына, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына қосқан үлесі ретінде бағалап, болашаққа саналы мақсаттар мен жоспар құруына ықпал ету.

https://www.instagram.com/p/DJ3gCBCNZ6c/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Мектебімізде 1-9 сынып оқушыларына жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: оқушыларға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат беру; судағы, табиғаттағы, жолдағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу; өрт пен жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.

https://www.instagram.com/p/DJ3kNFVtA8M/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі

“ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗ ЕРЕЖЕЛЕР”

Жаз-балалар үшін сауық-сайран мен жайбарақаттық кезең. Ата-аналар өте мұқият болу керек, себебі демалыс орындарында түрлі қауіптер болуы мүмкін. Сондықтан әр ата-ана жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныс болған жөн.

“ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗ ЕРЕЖЕЛЕР” тақырыбында ата-аналарға жадынамалар таратылды.

- 1) Жол қауіпсіздігі;
- 2) Өрт қауіпсіздігі;
- 3) Судағы қауіпсіздік ережелері;
- 4) Табиғаттағы қауіпсіздік т.б бойынша.

https://www.instagram.com/p/DJ3lRuhtXHk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Мектебіміздің мектепалды даярлық сыныбында «Аттанайық бала шақтан болашаққа» атты даярлықпен қоштасу ертеңгілігі өткізілді. Тәрбиеші: Турсумбаева Асемгул Калымжановна бір жылдағы бүлдіршіндердің оқып-тоқығандарын қызықты ойындар арқылы ортаға салып, іс-шараның қызықты өтуіне ат салысты. Бұл күні өнер, ән мен биге жақын бүлдіршіндер өздерін жаңа қырларымен көрсете білді.

https://www.instagram.com/reel/DJ6PwcQtTz9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Бүгін Мектебімізде “Қош бол, сүйікті бастауыш мектеп” тақырыбында 4 сынып оқушыларының бастауышпен қоштасу кеші өтті. Концерттік іс шараның жалғасы оқушылар мен ата-аналарды мадақтауымен жалғасты.

Мақсаты: Оқушылардың бастауышта алған білімдерін тиянақтау, Отанын сүйуге, ұстаздарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Алған білімді практикалық тұрғыда қолдануға машықтандыру.

Ата аналармен арадағы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.
Сынып жетекшісі: С.А.Жетписовна

https://www.instagram.com/reel/DJ6zYRtNwyw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ақмола облысы білім басқармасының қарасты “Целиноград ауданы бойынша білім беру бөлімінің Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2025 жылдың 23 мамыр айында Целиноград АПБ КПБ жедел уәкілі полиция капитаны Е.Ө.Өмірсерік мектепте педагог қызметкерлер мен ата аналармен, негізгі мектеп бітірушілермен “Интернеттік алаяқтық, Заң мен тәртіп” тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді

https://www.instagram.com/p/DJ_U0r-NmnE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

23.05.25ж мектебімізде мектеп түлектеріне арналған “Мектебім, саған мың алғыс” атты салтанатты шара өтті. Шара барысында ізгі тілектер айтылып мектеп түлектері өз өнерлерін ортаға салды. Жас түлектер, үлкен өмірге басқан қадамдарыңыз құтты болсын!

https://www.instagram.com/reel/DJ_Xcqt6Sq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Д.С Кунтуова